

Топ аты: «Балбөбек» ересек топ
 Балалардың жасы: 4 жас
 Жоспар қандай кезеңге құрылған: 2022-2023 оқу жыл.

Айы	Ұйымдастыр. іс- әрекет	Міндеттері
Қыркүйек	Музыка	<p>Музыка тындау. Музыканы тындау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тындау).</p> <p>Ән айту. Балаларды мәнәрлеп ән айтуға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру.</p> <p>Билер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату.</p>
Қазан	Музыка	<p>Музыка тындау. Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу.</p> <p>Ән айту. Әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру.</p> <p>Билер. Кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру.</p>

<p>Қараша</p>	<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау. Тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу.</p> <p>Ән айту. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру.</p> <p>Билер. Би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.</p>
<p>Желтоқсан</p>	<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам).</p> <p>Ән айту. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамытуды жалғастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау.</p> <p>Билер. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау.</p>

<p>Қаңтар</p>	<p>Музыка</p>	<p>Музыка тындау. Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен).</p> <p>Ән айту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.</p> <p>Билер. Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.</p>
<p>Ақпан</p>	<p>Музыка</p>	<p>Музыка тындау. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен) жалғастыру.</p> <p>Ән айту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйретуді жалғастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. 1. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. 2. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p> <p>Билер. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұп пен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдануды жалғастыру.</p>

урыз	Музыка	<p>Музыка тындау. Өндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.</p> <p>Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулуды жалғастыру (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. 1. Балалар музыкалық аспаптарында ойнауды жалғастыру. 2. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдануды жалғастыру.</p> <p>Билер. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту.</p>
Сәуір	Музыка	<p>Музыка тындау. Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тындату.</p> <p>Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулуды жалғастыру (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асагаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Билер. Шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p>

ль:

.О.

